



БЕКІТЕМІН

«Talap» КЕАҚ вице-президенті

Б. Биекова

2026 ж.

**«Қазақстан Республикасы колледждерінің Үздік 100 студенті»
республикалық конкурсына қатысушылардың материалдарын бағалау
критерийлері**

Астана 2026 ж.

**«Қазақстан Республикасы колледждерінің Үздік 100 студенті»
республикалық конкурсына қатысушылардың материалдарын бағалау
критерийлері**

1. Критерийлерді әзірлеу мақсаты

Бағалау критерийлері «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» Республикалық конкурсына (*бұдан әрі-Конкурс*) қатысушылардың конкурстық материалдарын бағалау рәсімінің объективтілігін, ашықтығын және біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

2. Бағалаудың жалпы принциптері

2.1. Объективтілік: бағалау тек ұсынылған материалдар мен белгіленген критерийлер негізінде қойылады.

2.2. Ашықтық: Оператор платформасы республикалық кезеңдегі конкурстық комиссия бағалау жүргізген сәтте қойылатын баллдарға онлайн қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл қатысушыларға үдерісті нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

2.3. Конкурс талаптарына сәйкестігі: конкурс туралы Ереженің формальды және мазмұндық талаптарының сақталуы бағаланады.

2.4. Біртектілік: қазылар алқасының барлық мүшелері бірыңғай бағалау шкаласын басшылыққа алады.

2.5. Кешенділік: қорытынды баға барлық критерийлер бойынша баллдардың қосындысы ретінде қалыптасады.

3. Балл қоюдың жалпы принципі

3.1. Әрбір критерийде белгіленген ең жоғары балл (салмақ коэффициенті) болады.

3.2. Әрбір көрсеткіш бойынша бағалау деңгейлеріне сәйкес 0-ден ең жоғары мәнге дейінгі баллдардың бүтін саны қойылады.

3.3. Көрсеткіштер бойынша баллдар критерий аясында, содан кейін барлық критерийлер бойынша жинақталады.

3.4. Әрбір тапсырма бойынша қатысушының қорытынды бағасы жинаған баллдарының сомасы ретінде айқындалады.

3.5. Сарапшының белгіленген баллдарды өзгертуге немесе қосымша критерийлерді қосуға құқығы жоқ.

3.6. Сарапшы Критерийлерде ұсынылған көрсеткіштердің мазмұны мен сипаттамасын басшылыққа алады.

3.7. Жеңімпаздар конкурстық комиссияның әрбір мүшесі қойған орташа арифметикалық баллдар қосындысы негізінде анықталады.

3.8. Қатысушылардың қорытынды баллдары тең болған жағдайда жеңімпаз келесі тәртіппен анықталады: Өз жобасын таныстыру (презентация) тапсырмасы үшін ең көп балл саны бойынша; презентация үшін балл тең болған кезде – Бейнеролик үшін ең жоғары балл бойынша; Бейнеролик үшін балл тең болған кезде – мотивациялық хат үшін ең жоғары балл бойынша.

4. Конкурстық тапсырмалар бойынша баллдарды бөлу

№	Конкурстық тапсырма	Ең жоғары балл	Үлесі
1.	Уәждемелік хат	25	25%
2.	Бейнеролик	35	35%
3.	Өз жобасын таныстыру	40	40%
Барлығы:		100	100%

5. МОТИВАЦИЯЛЫҚ ХАТТЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

№	Критерий	Макс. балл	Бағалау көрсеткіштері	Балл
1.	Хат мазмұнының конкурстық тапсырмада белгіленген тақырыпқа және идеологиялық құндылықтарға сәйкестігі	7	«Еңбекпен биікке жет» тақырыбын ашу	2
			«Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» идеологиялық құндылықтар мен принциптердің көрінісі	3
			Таңдалған мамандық контексіне құндылықтарды интеграциялау	2
2.	Логикалық құрылымдылығы, жүйелілігі және өзіндік ерекшелігі	7	Баяндаудың айқындығы мен бірізділігі	2
			Мәтін құрылымының (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) сақталуы	1
			Тақырыпты шығармашылықпен және ерекше әдіспен ұсыну	4
3.	Дәлелділік және негізділік	9	Өз мамандығын таңдаудың нақты негіздемесі	3
			Таңдаған мамандығының маңыздылығын дәлелді түрде негіздеу	3
			Таңдаған мамандығының беделін арттыру бойынша идеяларды ұсыну	3
4.	Ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау	2	Белгіленген көлемді сақтау (350 сөзге дейін) Орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателердің болмауы	2
Барлығы		25		25

5.1. Мотивациялық хатты бағалау критерийлері бойынша баллдарды бөлуге нақтылау

5.1.1. Хат мазмұнының конкурстық тапсырмада белгіленген тақырыпқа және идеологиялық құндылықтарға сәйкестігі (7 балл)

6–7 балл (жоғары деңгей):

- «Еңбекпен биікке жет» тақырыбы толық, терең және сенімді түрде ашылған.
- «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» құндылықтары айқын көрініс тапқан.
- Құндылықтар таңдалған мамандықпен табиғи түрде үйлестірілген.

4–5 балл (жақсы деңгей):

- Тақырып ашылған, бірақ толық емес немесе үстірт

- Идеологиялық құндылықтар ішінара көрсетілген
- Мамандықпен байланыс бар, бірақ жеткіліксіз ашылған

2–3 балл (орташа деңгей):

- Тақырып әлсіз немесе жартылай ашылған
- Құндылықтар іс жүзінде көрініс таппаған
- Мамандықпен байланыс әлсіз немесе формалды

1 балл (төмен деңгей):

- Тақырып ашылмаған
- Құндылықтар өте әлсіз көрініс тапқан
- Мамандықпен байланыс жоқ

0 балл (критикалық деңгей):

- Тақырып ашылмаған
- Идеологиялық құндылықтар көрініс таппаған
- Мамандықпен байланыс жоқ

5.1.2. Логикалық құрылым, жүйелілік және түпнұсқалық (7 балл)

6–7 балл (жоғары деңгей):

- Құрылымы нақты, логикалық және бірізді
- Кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімдер қамтылған
- Түпнұсқалық идея, жеткізудің креативті және қызықты тәсілі бар

4–5 балл (жақсы деңгей):

- Жалпы мазмұны жүйелі, бірақ бірізділікте ұсақ қателер кездеседі.
- Мазмұн құрылымы ішінара сақталған
- Түпнұсқалық бар, бірақ әлсіз көрініс тапқан

2–3 балл (орташа деңгей):

- Баяндау логикасы бұзылған
- Құрылымдық жүйе әлсіз көрінеді
- Жұмыс шаблондық сипатта, шығармашылық жоқ

1 балл (төмен деңгей):

- Логика мен құрылымдық жүйе жоқ
- Түпнұсқалық көрініс таппаған

0 балл (критикалық деңгей):

- Логика мен құрылымдық жүйе толық жоқ
- Бөлімдерге бөліну жоқ
- Түпнұсқалық көрініс таппаған

5.1.3. Дәлелділік және негізділік (9 балл)

7–9 балл (жоғары деңгей):

- Мамандық таңдауы айқын және негізді түрде түсіндірілген
- Таңдаған мамандығының маңыздылығы туралы салмақты аргументтер келтірілген
- Мамандықтың маңызын арттыруға арналған нақты және іске асатын ұсыныстар берілген

4–6 балл (жақсы деңгей):

- Негіздеме бар, бірақ толық ашылмаған
- Аргументтер бар, бірақ жеткілікті негізделмеген
- Идеялар үстірт сипатта ұсынылған

2–3 балл (орташа деңгей):

- Аргументация әлсіз және жеткілікті негізделмеген

- Мамандық таңдауы жеткілікті дәлелдермен негізделмеген
- Идеялар толық ашылмаған

1 балл (төмен деңгей):

- Аргументация өте әлсіз
- Негіздеме формалды сипатта
- Идеялар фрагменті түрде ұсынылған, олардың мазмұны толық ашылмаған.

0 балл (критикалық деңгей):

- Аргументация жоқ
- Таңдаудың негіздемесі берілмеген
- Қарастырылған мәселе бойынша идеялар ұсынылмаған

5.1.4. Рәсімдеуге қойылатын талаптарды сақтау (2 балл)

2 балл (жоғары деңгей):

- Көлемі сақталған (350 сөзге дейін)
- Орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық қателер жоқ

1 балл (орта деңгей):

- Көлем талаптары айтарлықтай бұзылған
- Қателер көп

0 балл (төмен деңгей):

- Талаптар толық сақталмаған

5.2. Мотивациялық хатты бағалау критерийлері бойынша баллдардың жиынтық бөлінісі

№	Баллдар диапазоны	Деңгейі	Сипаттамасы
1.	22-25	Жоғары	«Еңбекпен биікке жет» тақырыбы толық әрі терең ашылған. Идеялық құндылықтар нақты көрініс тауып, мәтінге үйлесімді түрде кіріктірілген. Жұмыс логикалық тұрғыдан жүйеленген, өзіндік ерекшелігімен және шығармашылық көзқарасымен айқындалады. Аргументация сенімді, нақты идеялар ұсынылған. Рәсімдеу талаптары толық сақталған, қателер жоқ.
2.	17-21	Жақсы	Тақырып жалпы алғанда ашылған, құндылықтар көрініс тапқан, бірақ толық немесе жеткілікті терең деңгейде емес. Жұмыс құрылымы негізінен сақталған, белгілі бір дәрежеде өзіндік ерекшелік элементтері бар. Аргументация жеткілікті, алайда жеткілікті негізделмеген
3.	12-16	Орташа	Тақырып ішінара ашылған, идеологиялық құндылықтар үстірт көрсетілген. Жұмыс құрылымы бұзылған немесе әлсіз берілген. Аргументация жеткіліксіз, идеялар толық ашылмаған. Рәсімдеу талаптары сақталмаған, қателер бар.
4.	7-11	Төмен	Тақырып әлсіз немесе үстірт түрде ашылған. Құндылықтар іс жүзінде көрініс таппаған. Баяндауда логика мен құрылым жоқ. Аргументация әлсіз немесе мүлдем жоқ. Көптеген қателер бар, рәсімдеу талаптары сақталмаған.
5.	0-6	Сыни деңгей	Жұмыс Конкурс тақырыбына сәйкес келмейді. Идеологиялық құндылықтар жоқ. Құрылым мен аргументация жоқ. Талаптар өрескел бұзылған.

6. ВИДЕОРОЛИКТІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

№	Критерий	Макс. балл	Бағалау көрсеткіштері	Бал
1.	Мамандыққа және кәсіби біліктілікке адалдықтың көрінісі	11	Мамандықты саналы түрде таңдаудың және оған эмоционалдық тұрғыдан қызығушылық танытудың көрінісі	4
			Кәсіби дағдылардың демонстрациясы және білімді тәжірибелік қызметте қолдану	4
			Кәсіби құзыреттердің демонстрациялау сапасы	3
2.	Әлеуметтік-экономикалық дамуға үлес қосуы	8	Қатысушының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған идеялары	3
			Өз мамандығының ел дамуындағы рөлін түсінуі	3
			Мазмұнның өзектілігі және нақты қызмет мысалдарының ұсынылуы	2
3.	Коммуникативтік қабілет және презентациялық дағдылар	7	Ойды жеткізудің нақтылығы, жинақылығы және сауаттылығы	2
			Кәсіби терминологияны меңгеру	2
			Дәйектілік пен нанымдылық; мәліметті ұсынудағы сенімділік	3
4.	Тапсырманың шығармашылықпен орындалуы және техникалық сапасы	9	Идеяның түпнұсқалығы және креативті, стандартты емес шешімдерді қолдану	4
			Ақпаратты ұсынудың логикалық құрылымы, тұтастығы және бірізділігі	3
			Материалдың белгіленген формат пен көлем талаптарына сәйкестігі (роликтің ұзақтығы — 2 минутқа дейін; формат — Full HD: 1920×1080 немесе 1080×1920; платформада белсенді сілтеменің болуы).	2
Барлығы		35		35

6.1. Бейнероликті бағалау критерийлері бойынша баллдарды бөлу

6.1.1. Мамандыққа және кәсіби біліктілікке адалдықтың көрінісі (11 балл)

10–11 балл (жоғары деңгей):

- Кәсіпті саналы түрде таңдау анық көрініс табады, жеке мотивация және эмоционалдық қызығушылық бар.
- Кәсіби дағдылар және олардың тәжірибеде қолданылуы нақты көрсетіледі.
- Құзыреттер жоғары деңгейде, айқын және сапалы ұсынылған.

7–9 балл (жақсы деңгей):

- Мамандықты таңдау негізделген, бірақ толық ашылмаған.
- Дағдылар көрсетілген, алайда терең практикалық демонстрация жоқ.
- Құзыреттер жалпы сәйкес келеді, бірақ кейбір кемшіліктер бар.

4–6 балл (орташа деңгей):

- Мамандықты таңдау туралы мәлімет берілген, алайда толықтай ашылмаған.
- Дағдылар үстірт көрсетілген.
- Құзыреттер деңгейі жеткілікті ашылмаған.

1–3 балл (төмен деңгей):

- Кәсіп таңдау туралы нақты көрсетілмеген.
- Дағдылар формалды немесе фрагментті түрде көрсетілген.
- Құзыреттер әлсіз көрініс тапқан.

0 балл (критикалық деңгей):

- Кәсіп таңдау түсінігі жоқ.
- Дағдылар көрсетілмеген.
- Құзыреттер ұсынылмаған.

6.1.2. Әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан үлес (8 балл)

7–8 балл (жоғары деңгей):

- Аймақтың дамуына жеке үлес нақты көрсетілген.
- Кәсіптің ел үшін маңызы терең түсіндірілген.
- Нақты және өзекті мысалдар келтірілген.

4–6 балл (жақсы деңгей):

- Үлес сипатталған, бірақ нақты емес.
- Кәсіптің рөлі туралы түсінік бар, алайда үстірт.
- Мысалдар бар, бірақ шектеулі.

2–3 балл (орташа деңгей):

- Жеке үлес әлсіз көрсетілген.
- Кәсіптің рөлі ішінара ашылған.
- Мысалдар сирек немесе жеткілікті дәлелденбеген.

1 балл (төмен деңгей):

- Өңірді дамытуға үлес іс жүзінде көрінбейді.
- Кәсіптің рөлі ашылмаған.
- Мысалдар бірен-саран немесе формалды.

0 балл (критикалық деңгей):

- Өңірді дамыту туралы көрсетілмеген.
- Кәсіп маңызы түсіндірілмеген.
- Мысалдар жоқ.

6.1.3. Коммуникативтік және презентациялық дағдылар (7 балл)

6–7 балл (жоғары деңгей):

- Сөйлеуі анық, сауатты және жүйелі.
- Кәсіби терминологияны сенімді қолданады.
- Дәлелдеу сенімді, таныстыру мәнері нық.

4–5 балл (жақсы деңгей):

- Жалпы түсінікті сөйлеу, бірақ ұсақ қателер бар.
- Терминология ішінара қолданылады.
- Дәлелдер бар, бірақ әрдайым сенімді емес.

2–3 балл (орташа деңгей):

- Сөйлеу құрылымсыз, қателер кездеседі.
- Терминология аз қолданылады.
- Дәлелдер әлсіз.

1 балл (төмен деңгей):

- Баяндауы қиын қабылданады, көп қателер бар.

- Кәсіби лексика жоқ.
- Дәлелдер аз келтірілген.

0 балл (критикалық деңгей):

- Баяндау түсініксіз немесе сауатсыз.
- Кәсіби лексика жоқ.
- Дәлелдер жоқ.

6.1.4. Шығармашылық тәсіл және техникалық сапа (9 балл)

8–9 балл (жоғары деңгей):

- Түпнұсқа идея, креативті ұсыну.
- Ақпарат логикалық әрі бірізді баяндалған.
- Қойылған техникалық талаптарға толық сәйкестік (формат, ұзақтығы, сапа, сілтеме).

5–7 балл (жақсы деңгей):

- Шығармашылық элементтер бар.
- Логика жалпы сақталған.
- Техникалық талаптар сақталған.

2–4 балл (орташа деңгей):

- Жұмыс шаблонды, креатив аз.
- Логикалық байланыс бұзылған.
- Техникалық қателер бар.

1 балл (төмен деңгей):

- Шығармашылық шешімдер аз қолданылған.
- Логикалық байланыс жоқ.
- Техникалық талаптардың өрескел бұзылуы байқалады.

0 балл (критикалық деңгей):

- Шығармашылық көрініс таппаған.
- Құрылым жоқ.
- Талаптар өрескел бұзылған.

6.2. Бейнероликті бағалау критерийлері бойынша баллдардың жиынтық бөлінісі

№	Баллдар диапазоны	Деңгейі	Сипаттамасы
1	30–35	Жоғары	Бейнеролик Конкурс тақырыбына толық сәйкес келеді. Кәсіпті саналы түрде таңдау, кәсіби құзыреттілік пен практикалық дағдылардың жоғары деңгейі айқын көрінеді. Әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан үлесі нақты көрсетілген, нақты мысалдар келтірілген. Сөйлеу сауатты, сенімді, кәсіби терминология қолданылады. Жұмыс өзіндік ерекшелігімен, қисындылығымен және жоғары техникалық сапасымен ерекшеленеді. Барлық талаптар толығымен орындалған.
2.	24–29	Жақсы	Бейнеролик жалпы тақырыпқа сәйкес келеді. Кәсіби құзыреттілік пен мотивация көрсетілген, бірақ толық ашылмаған. Дамуға қосқан үлесі көрсетілген, бірақ жеткілікті тереңдігі жоқ. Сөйлеу тұтастай алғанда сауатты, шамалы

			кемшіліктер бар. Шығармашылық элементтері бар. Техникалық талаптар сақталған.
3.	17–23	Орташа	Бейнеролик ішінара тақырыпқа сәйкес келеді. Мамандық пен құзыреттілікті таңдау туралы ақпарат үстірт ашылады. Дамуға қосқан үлесі әлсіз немесе ресми түрде көрсетілген. Қарым-қатынас дағдылары жеткіліксіз, қателіктер бар. Шығармашылық әлсіз көрінеді, техникалық кемшіліктер бар.
4.	9–16	Төмен	Бейнеролик тақырыпқа сәйкес келмейді. Мамандықты нақты түсіну және құзыреттілікті көрсету жоқ. Дамуға қосқан үлесі ашылмаған. Сөйлеу құрылымдалмаған, аргумент әлсіз. логикасының бұзылуымен және елеулі техникалық қателіктермен, жұмыс шаблондық болып табылады.
5.	0–8	Сыни деңгей	Бейнеролик конкурс талаптарына сәйкес келмейді. Тақырып бойынша мазмұн жоқ, Кәсіби құзыреттіліктер көрсетілмейді. Ешқандай дәлел мен құрылым жоқ. Жұмыста өрескел техникалық бұзушылықтар бар (форматқа сәйкес келмейді, сілтеме жоқ, уақыт кестесі асып кетті және т.б.).

7. ӨЗ ЖОБАСЫН ТАНЫСТЫРУ (ПРЕЗЕНТАЦИЯ) ТАПСЫРМАСЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

№	Критерий	Макс. балл	Бағалау көрсеткіштері	Балл
1.	Жобаның әлеуметтік маңызы және өзіндік жаңашылдығы	13	Нақты өңірді дамытуға бағытталған идеяның өзектілігі, жүзеге асырылу деңгейі және практикалық маңызы.	5
			Қарастырылған тәсілдің ерекшелігі және ұсынылған шешімдердің жаңалығы	4
			Өзін болашақ білікті маман ретінде таныстыруы	4
2.	Сандық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу және қолдану	14	Заманауи цифрлық құралдарды еркін қолдана білуін көрсетуі	5
			Жобада жасанды интеллект технологияларын белсенді қолдану және олардың кәсіби саладағы тиімділігін негіздеу.	5
			Жобаның тәжірибелік құндылығы және оны іске асыру мүмкіндігі	4
3.	Баяндаудың құрылымы мен логикалық жүйелілігі	6	Мазмұн құрылымының анықтығы және логикалық бірізділігі (кіріспе, негізгі бөлім, қорытындының болуы).	3
			Материалдың жүйеленуі және ақпаратты қабылдаудың ыңғайлылығы	3
4.	Жобаның визуалдық безендірілуі және дизайны	6	Ақпаратты түсінікті көрсету мақсатында графиктер, диаграммалар және өзге де көрнекі құралдарды пайдалану.	4
			Дизайнның эстетикалық тартымдылығы және стиль бірлігі	2

5.	Техникалық талаптардың сақталуы	1	Белгіленген формат пен көлемге сай келуі	1
Барлығы		40		40

7.1. Жеке жобаның таныстыру тапсырмасын бағалау критерийлері бойынша баллдардың бөлінісі

7.1.1. Жобаның әлеуметтік маңызы және өзіндік жаңашылдығы (13 балл)

11–13 балл (жоғары деңгей):

- Жоба идеясы өзекті, шынайы және нақты өңірде қолдануға болады
- Түпнұсқа, инновациялық шешімдер ұсынылған
- Автор өзін құзыретті болашақ маман ретінде сенімді көрсетеді

7–10 балл (жақсы деңгей):

- Идея жалпы өзекті, бірақ жеткілікті деңгейде пысықталмаған
- Жаңашылдық элементтері бар, алайда толық ашылмаған
- Құзыреттілік көрініс тапқан, бірақ толық көлемде емес

4–6 балл (орташа деңгей):

- Өзектілігі күмәнді немесе үстірт
- Идея ішінара алынған немесе шаблонды
- Өзін-өзі таныстыру әлсіз

1–3 балл (төмен деңгей):

- Жобаның практикалық маңызы жоқ
- Жаңашылдық жоқ
- Автордың құзыреттілігі іс жүзінде көрсетілмеген

0 балл (критикалық деңгей):

- Критерий бойынша мазмұн мүлде жоқ
- Идея тақырыпқа сәйкес келмейді
- Құзыреттілік көрсетілмеген

7.1.2. Сандық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу және қолдану (14 балл)

12–14 балл (жоғары деңгей):

- Заманауи цифрлық құралдарды сенімді меңгеру
- Жасанды интеллект технологиялары олардың пайдасын түсіндіре отырып орынды кіріктірілген

- Жобаның нақты практикалық қолданылуы бар

8–11 балл (жақсы деңгей):

- Цифрлық құралдар қолданылады, бірақ толық емес
- ЖИ аталған, бірақ енгізілуі үстірт
- Практикалық маңызы бар, бірақ шектеулі

4–7 балл (орташа деңгей):

- Цифрлық технологиялар әлсіз қолданылады
- ЖИ дерлік ашылмаған
- Практикалық іске асыру күмән тудырады

1-3 балл (төмен деңгей):

- Цифрлық технологиялар үстірт түрде қолданылған
- ЖИ жоқ немесе негізсіз аталған
- Жоба іс жүзінде қолдануға жарамсыз

0 балл (критикалық деңгей):

- Цифрлық технологиялар қолданылмаған
- ЖИ элементтері жоқ
- Жоба практикада қолданылуға келмейді

7.1.3. Баяндаудың құрылымы мен логикалық жүйелілігі (6 балл)

5–6 балл (жоғары деңгей):

- Жұмыс құрылымы айқын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды).
- Жұмыс логикалық және бірізді бейнеленген.
- Материал жүйеленген, оңай қабылданады.

3–4 балл (жақсы деңгей):

- Жұмыс құрылымы негізінен сақталған
- Логикада аздаған кемшіліктер бар
- Материалды қабылдау қанағаттанарлық

2 балл (орташа деңгей):

- Жұмыс құрылымы әлсіз көрінеді
- Баяндау логикасы бұзылған
- Материалды қабылдау қиын

1 балл (төмен деңгей):

- Жұмыс құрылымы сақталмаған
- Бөліктер арасындағы логикалық байланыс байқалмайды
- Материал жүйесіз, қабылдауға қиын

0 балл (критикалық деңгей):

- Құрылым мен баяндау логикасы жоқ
- Мағыналық бөліктерге бөлінбеген
- Материал жүйесіз, түсінуге келмейді

7.1.4. Жобаның визуалдық безендірілуі және дизайны (6 балл)

5-6 балл (жоғары деңгей):

- Графиктер, диаграммалар және визуалды элементтер қолданылады
- Безендіруде эстетикалық, бірыңғай стиль сақталған
- Визуалды көрнекілеу мазмұнды түсінуге көмектеседі

3-4 балл (жақсы деңгей):

- Визуалды көрнекілеу элементтері бар, бірақ шектеулі түрде қолданылады
- Стиль ішінара сақталған

2 балл (орташа деңгей):

- Визуалды көрнекілеу әлсіз немесе ресми
- Дизайн ұқыпсыз немесе келісілмеген

1 балл (төмен деңгей):

- Көрнекі элементтер іс жүзінде жоқ.
- Дизайн бірыңғай стильді ескерусіз орындалады, бұл қабылдауды қиындатады.

0 балл (сыни деңгей):

- Көрнекі дизайнның толық болмауы.

– Ақпарат тек мәтінмен, графиктерсіз, диаграммаларсыз немесе басқа визуалды көрнекілеусіз ұсынылады.

7.1.5. Техникалық талаптардың сақталуы (1 балл)

1 балл:

– Формат пен көлемге қойылатын талаптар толығымен орындалды

0 балл:

– Берілген талаптар сақталмаған

7.2. Өз жобасын таныстыру тапсырмасын бағалау критерийлері бойынша баллдарды жиынтық бөлу

№	Баллдар диапазон ы	Деңгейі	Сипаттамасы
1.	35–40	Жоғары	Жоба өзекті, шынайы және қолдануға болатын, шешімдері ерекше. Автор кәсіби құзыреттілігін көрсетеді. Цифрлық құралдарды қолдану жоғары деңгейде; ЖИ технологиялары негізделген түрде қолданылған. Жоба іс жүзінде қолдануға жарамды. Құрылымы айқын және логикалық; материал бірізді және түсінікті түрде баяндалған. Визуалды элементтер тиімді қолданылады; безендіру бірізді және эстетикалық тұрғыдан үйлесімді. Техникалық талаптар толық сақталған.
2.	23–31	Жақсы	Жоба идеясы өзекті, алайда жеткілікті терең деңгейде пысықталмаған. Жаңашылдық элементтері бар, бірақ толық ашылмаған. Цифрлық құралдарды пайдалану ішінара сипатқа ие, ал жобаның практикалық маңыздылығы шектеулі. Визуалды элементтер енгізілген, алайда олар жеткілікті дәрежеде қолданылмаған; бірыңғай безендіру стилі ішінара сақталған. Жұмыстың құрылымы жалпы сақталған, бірақ баяндаудың логикалық бірізділігінде ұсақ кемшіліктер байқалады. Материал жеткілікті деңгейде қабылданады, дегенмен жүйелілік пен айқындықты талап етеді.
3.	15–22	Орташа	Жобаның өзектілігі үстірт; идея шаблондық немесе ішінара алынған. Сандық технологиялар шектеулі түрде қолданылады. ЖИ рөлі іс жүзінде ашылмаған. Жобаның практикалық орындалуы күмән тудырады. Жұмыстың құрылымы нашар көрсетілген, презентация логикасы бұзылған; материал қиындықпен қабылданады. Визуализация формальды және аз ақпараттандырылған; дизайн ұқыпсыз, стиль сәйкес келмейді.
4.	7–14	Төмен	Жобаның практикалық маңызы жоқ; жаңалық жоқ. Автордың кәсіби құзыреттілігі көрсетілмеген. Цифрлық технологиялар қолданылмаған, жасанды интеллект толық көлемде көрсетілмеген, құндылықтарды интеграциялау көрініс таппаған. Жобаның қолданбалы іске асырылуы жоқ. Презентацияның құрылымы мен логикасы жоқ. Көрнекі дизайн ұсынылмайды.
5.	0-6	Сыни деңгей	Барлық критерийлер бойынша талаптарға толық сәйкессіздік